

Бекітілді

25.08.2023 жылғы

педагогикалық кеңесте

«Ақбота»бөбекжай-балабақшасы

менгерушісі

Жундибаева Г.С.



Ақтөбе облысы әкімдігі білім басқармасының «Темір ауданы» білім бөлімінің

«Ақбота»бөбекжай-балабақшасы МКҚК қызмет атқаратын,отбасы

жағдайында тәрбиеленетін балаларға және

АТА-АНАЛАРҒА

(заңды өкілдеріне)**АРНАЛҒАН**

КЕҢЕСТІК ПУНКТ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

I Жалпы ережелер

- 1.1.Кеңестік пункт өз жұмысында Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Білім туралы, «Қазақстан Республикасындағы бала құқығы туралы» Заңдарын, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.
- 1.2 Кеңестік пункт (бұдан әрі КП)білім беру мекемесінің бөлімшесі ретінде мектепке дейінгі жастағы балалардың ата-аналары үшін құрылады,оның қызметі Қазақстан Республикасының «Білім туралы»Заңына,ҚР Мектепке дейінгі тәрбие мен білім берудің Мемлекеттік Жалпы білім беру Стандартының және осы Ереженің талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.
- 1.3Кеңестік пункт ата-аналар (заңды өкілдер)және мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына бармайтын,1-ден 6 жасқа дейінгі, отбасы жағдайында тәрбиеленіп жатқан балалар үшін құрылады.
- 1.4Кеңестік пункт мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың типтік оқу бағдарламасын және мектепке дейінгі білімнің арнайы бағдарламасын жүзеге асыратын мектепке дейінгі ұйымда ұйымдастырылады.
- 1.5 Кеңестік пункт мектепке дейінгі жастағы балалардың тәрбиесі мен дамуында отбасына көмек көрсету формаларының бір түрі болып тасбылады.

II. Кеңестік пункттың қызмет ету мақсаты мен міндеттері.

- 2.1 Кеңестік пункт отбасылық және қоғамдық тәрбиенің бірлестігі мен сабақтастығын қамтамасыз ету, ата-аналарға (заңды өкілдерге)психологиялық-педагогикалық көмек көрсету,мектепке дейінгі ұйымға бармайтын балалардың тұлғасының жан-жақты дамуына қолдау көрсету мақсатында құрылады.
- 2.2. Кеңестік пункттың негізі міндеттепi болып келесiлер табылады.
- Мектепке дейінгі ұйымдарға бармайтын балалардың ата-аналарына мектепке дейінгі жастағы баланы тәрбиелеу,оқыту,дамыту және сауықтырудың әртүрлі мәселері бойынша,мектепке түсу кезінде тең бастапқы мүмкіндіктерді қамтамасыз етуде психологиялық-педагогикалық кеңестік көмек көрсету.
- Мектепке дейінгі ұйымдарға бармайтын мектеп жасына дейінгі балаларды әлеуметтендіруге көмек көрсету,мектеп жасына дейінгі балалардың физикалық, психикалық және әлеуметтік дамуындағы әртүрлі ауытқулардың кешенді алдын-алуды жүргізу.

- МДҰ және басқа да балалар мен ата-аналарға (заңды өкілдерді) Әлеуметтік және медициналық қолдау ұйымдары арасындағы өзара іс-қимылды қамтамасыз ету.
- Отбасылық тәрбиенің озық тәжірбиесін насихаттау мақсатында бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара әрекеттесу.

• **III. Кеңестік пункттің қызметін ұйымдастыру.**

3.1. Кеңестік қызметінің негізгі түрлері:

- Ата-аналарға (заңды өкілдерге) арналған лекторийлерді, теориялық және практикалық семиналарды ұйымдастыру.
- Ата-аналардың (заңды өкілдердің) сұрауы бойынша жеке және топтық кеңестер.
- Жазбаша өтініш, телефон қоңырауы, МДҰ сайтының жұмысын ұйымдастыру арқылы және т.б. бойынша сырттай кеңес беруді ұйымдастыру.
- 3.2 Кеңестік пункт ата-аналарға (заңды өкілдерге) мынадай сұрақтар бойынша кеңестік көмекті жүзеге асыра алады:
 - МДҰ бармайтын мектеп жасына дейінгі балаларды әлеуметтендіру.
 - Балалардың жас, психофизиологиялық ерекшеліктері.
 - Мектепте оқуға дайындық.
 - Мектеп жасына дейінгі балалардың физикалық психикалық және әлеуметтік дамуындағы әртүрлі ауытқулардың алдын алу.
 - Ойын қызметін ұйымдастыру.
 - Балалардың тамақтануын ұйымдастыру.
 - Балаларды шынықтыру және сауықтыру үшін жағдай жасау.
 - Әртүрлі санаттағы отбасылардан шыққан балаларды әлеуметтік қорғау.
- 3.3 Кеңес беру пунктінде ата-аналармен (заңды өкілдермен) және балалармен жұмыс әртүрлі нысандарда жүргізіледі; топтық, жеке.

3.4 Кеңестік пункт аптасына 2-3 рет таңертен және (немесе) кешкі уақытта жұмыс істейді. Консультацияның ұзақтығы кемінде 25 минут.

3.5 Ата-аналарға (заңды өкілдерге) психологиялық – педагогикалық көмекті ұйымдастыру тәрбиешінің, педагог-психологтың, әдіскердің, медицина қызметкерінің және басқа да мамандардың қызметін біріктіру негізінде құрылады. Ата-аналарға (заңды өкілдерге) кеңес беруді бір уақытта бір немесе бірнеше маман жүргізуі мүмкін.

Кеңестік пунктте жұмысқа тартылған мамандардың саны білім беру ұйымының түрімен, оның кадр құрамымен айқындалады.

3.7 Білім беру мекемесінде кеңестік пункттің қызметін ұйымдастыру үшін штат кестесі әзірленеді.

3.8 Кеңестік пункттің қызметін тіркеу үшін мынадай құжаттаманы жүргізу қажет:

- Сабаққа қатысу журналы кеңестер, дәрісханалар және т.б.
- Кеңес беру пунктінің жұмыс жоспары.
- Кеңестік пункттің жыл ішіндегі қызметі туралы есеп;
- 3.9 Кеңестік пунктты ашу үшін келесілер талап етіледі:
 - Кеңес беру пункті туралы ереже
 - Кеңес беру пунктінің жұмыс жоспар-кестесі
 - Ақпараттық стенд

3.10 Кеңестік пунктке басшылықты өзі құрылған МДҰ басшысы жүзеге асырады.